

"Ақмола қаласындағы "Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамының өндіріс алаңдарында орналасатын жеңіл бетон блоктарын, жиелік және тротуарлық тастар; үйдің іші мен сыртына пайдаланылатын қаптама тақталар; үйдің шатырына арналған цемент-күм черепица; бетоннан жасалған канализация құбырларын өндіруге арналған технологиялық желілер мен жабдықтардың" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 наурыздағы N 307

"Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамының құрылыс индустриясы базасын құру үшін шет ел кредиттерін тарту жолымен Қазақстан Республикасының құрылыс кешенін дамыту мақсатында, "Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығына сәйкес және жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мемлекеттің басым бағыты болып табылатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 3 ақпандағы N 37 өкімі негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ақмола қаласындағы жеке тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер үшін құрылыс индустриясының базасын дамытуға арналған "Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамы мен Германияның "Хенке" фирмасы арасында жалпы сомасы 70,2 (жетпіс млн. екі жүз мың) млн. неміс маркасына жасалған контракт мақұлданды.

2. Осы контрактіні қаржыландыру Қазақстан Республикасына берілген Германия кредит желісі шеңберінде жүргізілсін.

3. "Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамы:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне барлық қажетті кепілдіктерді беретін болсын;

қызмет көрсететін банктерге аванс, сақтандыру жарнасын, комиссиялық төлемді, сондай-ақ проценттерді төлеуді және берешектерін одан әрі өз қаражаттары есебінен өтеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

техникалық-экономикалық негіздемелер мен контрактіні, кредиттік келісімді негізгі сараптаудан өткізсін;

"Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамы үшін технологиялық желілер мен жабдықтар беріп тұруға жасалған контрактіге сәйкес Германияның кредит

беруші банкімен осы жоба бойынша жеке кредиттік келісім жасассын;

"Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамымен ішкі кредиттік келісім жасассын;

берешектідер кезінде төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік келісімдерді тоқтатуға дейін қажетті шаралар қолданатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
осы жоба бойынша кредит беруші банкіге Үкімет кепілдігін берсін;
төлем мерзімі өтіп кеткен жағдайда, "Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамының банктегі шоттарынан теңгемен және валютамен алынатын қаражатты берешекті өтеу есебіне жатқызуға рұқсат етілсін.

6. "Ақмола жаңа құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жобаны тиімді жүзеге асыру үшін шешімі қажет барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына дер кезінде ұсыныстар енгізісін.

7. Осы өндіріс орны Ақмола қаласында орналасады және

Қазақстанның этникалық немістерінің жинақы орналасқан аумағын өз өнімдерімен қамтамасыз етеді.

Осы жоба Қазақстанда тұратын немістердің этникалық өркендеуіне бағытталған шаралар кешеніне қосылсын.

8. Жобаны жүзеге асыру мен кредит жөніндегі төлемдерді уақтылы төлеуді бақылау Ақмола облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары